

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Мақалада бастауыш мектептің оқу процесінде «Мәңгілік Ел» құндылықтарының қалыптасуы мен дамуы қарастырылады. Бастауыш сынып сабақтарында «Мәңгілік Ел» құндылықтарын жүзеге асыру жолдары қарастырылады.

Кілт сөздер: Рухани-адамгершілік, «Мәңгілік Ел», құндылықтар, педагогикалық процесс, функционалды сауаттылық, мақсаттар жүйесі

Білім берудің қазіргі таңдағы философиялық парадигмасы білімнің онтологиялық және аксиологиялық қызметтерін оның қоғамдық және тұлғалық маңызы тұрғысынан адамзаттың жаһандық мәселесі – адамның рухани дамуы мен рухани әлеуетін жетілдіруді шешу үшін әлеуметтің қажеттілігін ескере отырып, оның бағыттарын өзгертуді қайта қарастыруды ұсынады.

Рухани-адамгершілік білім – оқу-тәрбие процесінің ажрамас бөлігі. Ол Қазақстанның білім беру жүйесінде жүзеге асырылып, адам, қоғам мен мемлекеттің игілігі үшін білім берудің түйінді құрамдас бөлшегі болып табылады.

Мәдениет пен ғылым, рухани өмір саласындағы Қазақстанның ұлттық қызығушылықтары қоғамның рухани жаңаруында, адамгершілік құндылықтарды сақтауында, жоғары адамгершілік идеалды, патриотизм мен гуманизмді қоғамда нығайтып, көпқасырлық рухани дәстүрлерді дамытуында жатыр. Стратегиялық құжаттарда «...Қазақстанның бірегейлігін әрі қарай нығайту қажет.

Ол азаматтық ұсытанымдарына «Мәңгілік Ел» идеясының аясына біріктірілген құндылықтар – азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, ғылым мен білім мәдениеті, зайырлы ел – толеранттылық елі. Осындай жағдайда азаматтық – тұрақты және табысты мемлекеттің сенімді іргетасы бола алады»

Түпкілікті гуманистік құндылықтар болмыстық мақсаттарға, яғни өзін айқындауға бағдарланған білімде жатыр. Ол адамды өз өмірінің кожасы, өз өмірінің басты субъектісі болуға дайындау міндетін басты орынға қояды [1].

Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында тәрбие процесі ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген тұлғаның барлық мүмкіндіктерінің, физикалық және рухани күшінің қалыптасуы мен дамуына көмектесуі керек [2].

Қазіргі таңдағы мектептердің басты міндеттерінің бірі – оқушының өз орнын табуы мен өзін іске асыруға дайындау. Бұл оқу-тәрбие процесінде оқушының белсенділігін қалыптастыру мәселесінің маңыздылығын көрсетеді. Соңғысы өзі және өз мүмкіндіктері туралы шынайы түсініктің қалыптасқандығын, өзгермелі жағдайларға төтеп беру мен орынды мінез құлық, жалпы алғанда өз әрекеті мен санасын басқара алу, әлеуметтік ортаны лайықты бағалау, түрлі сипаттағы қарама-қайшы ықпалдарға төтеп бере алу және т.б. позитивті ойлауды талап етеді.

Тұлғалық қасиет ретінде позитивті ойлау мектеп жасында неғұрлым белсенді қалыптасады. Дегенмен келесі өмір кезеңдерінде де дами түсуі әбден мүмкін. Жаппай заманауи мектептер позитивті ойлауды қалыптастыру міндетін іс жүзінде шешпейді. Мектеп оқушыларына қоршаған орта туралы білім ұсынылады, оларды осы әлемді тануға үйретеді. Өзінді және қоршаған адамдарды позитивті қабылдаудың басым көпшілігі оқу мен тәрбиелеудің міндеті болып саналмайды.

Педагог ғалымдар өздерінің ғылыми зерттеулерінде өскелең ұрпаққа рухани-адамгершілік білім беру мәселелерімен байланысты адамның құндылықтық-мағыналық саласын қалыптастыруға жиі назар аударады. Көптеген зерттеулерге жоғары рухани деңгейге адамның өзін тәрбиелеуінің арқасында жетуге болатындығы туралы ереже ортақ болып келеді. Оқушыларға рухани-адамгершілік білім берудегі педагогтің рөлін қарастыру кезінде бұған аса зор мән беру керектігі күмән тудырмайды.

Тұлғаның табысты жетілуі мен тұтастай педагогикалық процестің маңызды факторы педагогтің жеке тұлғасы болып табылады.

Ежелден мұғалімнің рөлі барлық халықтарда ерекше мәнге ие болған, мұғалімнің міндеттері басшылар мен ата-аналардың міндеттерімен қатар қойылды. Бұрындары мұғалімдерді шеберлер деп атаған, бұл өскелең ұрпаққа білім берумен айналысатын адамдарға ерекше құрметті білдірген. Мұғалімдер кез келген қоғамда сұранысқа ие, себебі әлеуметтік ортаны қалыптастыру солардың қолында, олар жүздеген жылдар бойы болашақ ұрпақты өмірге дайындайды [3].

Өз уақытында И.Г.Песталоцци тұлғаның рухани-адамгершілік мәдениеті мәселелерін еңбектерінде қарастыра отырып, педагогтің іс-әрекеті білім беру процесін біртұтас жүйеге айналдыра алуға көмектесуі қажет деп санаған. Руханилықтың мәнін түсіну қоғамда, сондай-ақ жекелеген адамда адамгершілік ұстанымдарынсыз өмірге бағдарлы еркі, оны жалғастыруға ынтаның болуы мүмкін еместігін түсінуден басталады.

«Педагогикалық процесс тәрбие оқудың алдында жүргенде ғана жақсы болмақ. Тәрбие тудырған рухани күш мектеп оқушысының тұлғалық қалыптасуы мен өсуіне қажетті білімді қоректей сіңіреді».

Мұғалім өсіп келе жатқан адамның көзқарасын, оның адамгершілік ұстанымдарын, құндылықтарын қалыптастыруға айтарлықтай ықпал етеді, сондықтан педагогикалық қызметтің аксиологиялық қыры маңызды болып саналады. Құндылықтық-бағдарлы бірлік мұғалімнің өз оқушыларын оң ықпал етуіне мүмкіндік береді, құндылықтық алмасым тиімдірек жүзеге асады. Мұғалім бере алатын жағымды сезімдер мен құндылықтар оқушылармен өнімді қарым-қатынас жасауда басты маңызға ие. Рухани-адамгершілік тәрбие, ең алдымен, тұлғаның ішкі жан дүниесімен, оның рухани құндылықтарды сіңіруімен байланысты.

Педагогикалық процесс түрлі жас ерекшелігіндегі адамдардың диалогін көздейді. Басқа дәуірдің адам ретінде мұғалімнің құндылығы оқушының құндылығынан едәуір өзгеше болуы мүмкін. Өмірлік, мәдени тәжірибелері де ұқсамайды. Екі буын өкілдерінің құндылықтарының сәйкессіздігі, тіпті диссонансы соңғы уақытта жиі кездеседі. Өз оқушыларының құндылықтарды сіңіруі, түсінуін қалайтын мұғалім оған түсініксіз болашақтың жетегіне еріп кетеді.

«Осы немесе басқа да құндылықтар тұлға қажеттілігінің нысаны болуы үшін осы нысандарды ұйымдастыру мен іріктеу бойынша қоғамның әлеуметтік жанама әрекеті қажет», – деп жазады Ю.В.Шаров. Іріктеуден бөлек оларды «дидактикалық қайта өңдеу», сондай-ақ «оларды басқару қажеттілігін саналы қабылдау, олардың маңызын түсіну» қажет. Ғалымның «саналы қабылдау» деп отырғаны оқытушының тұлғасымен, оның алдында тұрған міндеттерді түсінуімен байланысты. Құндылықтарды түсіну – оны мойындауға деген алғашқы қадам. Оның басқа адамға әсер етуі үшін ой-сана ұстанымға, яғни құндылықтық бағдарға сәйкес әрекет етуге ынталандыратын саналы қажеттілікке айналуы керек.

Педагогикалық позицияның ерекшелігі ол бір уақытта «тұлғалық та, мәдени-әрекеттік те, кәсіби де» бола алады. Сондықтан педагогтің тұлғалық қасиеттері, оның құндылықтары, өмірлік позициясы, әлеммен және адамдармен қарым-қатынасы аса маңызды болып келеді[4].

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірде іске асырудың іргетасы мектепте қалануы тиіс. Өйткені қазақты «Мәңгілік Ел» қылатын біздің өскелең ұрпағымыз, жастарымыз. Жас ұрпақты тәрбиелеп, бойында отансүйгіштік сезімін ояту ең алдымен отбасы мен ұстаздар қолында. Ол үшін білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы мақсатты түрде жүргізілуі тиіс, оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы бойынша ЖОО-да оқулықтар, хрестоматиялар әзірленуде. Мектептерде т.б. білім беру ұйымдарында «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру жалғасын табуда. Оны іске асыру тек мектептен ғана емес, балабақшадан, отбасынан да басталуы шарт. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын оқу және пән бойынша сыныптан тыс іс-әрекеттің өзектілігін арттыру жолға қойылды. Елбасының тапсырмасымен «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі әзірленді. Бұл құжаттың мемлекеттік маңыздылығы Қазақстан білім ұйымдарының басшыларын, мұғалім-практиктерді патриоттық тәрбиенің жеті қағидаты формасындағы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын түсіндіру жұмыстарын жүргізуге белсенді кірісуге міндеттейді.

Осылайша, мұғалім бастауыш мектептің педагогикалық процесінде «Мәңгілік Ел» құндылықтарын жүзеге асыру бойынша қызметті ұйымдастыра отырып, екі функцияда болады: этникалық мәдениетті тасымалдаушы, сондай-ақ педагогикалық мәдениет құндылықтарының жолсерігі.

Бастауыш сынып мұғалімінің негізгі қызметі – бастауыш сынып оқушыларын органикалық бірлікте оқыту және тәрбиелеу мақсатын шешумен және оқушылар мен оқушылардың бірбірімен тиімді қарым-қатынасын қалыптастырумен байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің пәні оқушылардың даму негізі мен шарты ретінде пәндік әлеуметтік-мәдени тәжірибені меңгеруіне бағытталған оқу іс-әрекетін ұйымдастыру болып табылады[5]. Педагогикалық қызметтің құралдары оқушыларды қалыптастыратын ғылыми және практикалық білім, ал әлеуметтік-мәдени тәжірибені тарату тәсілдері – дидактикалық тәсілдер болып табылады.

Бастауыш сынып сабақтарында «Мәңгілік Ел» құндылықтарын жүзеге асыру жолдарын қарастырайық.

Мәселен, бірінші тәсіл интеграциямен (кіріктіру) байланыстырылады, ол іс жүзінде кіріктірілген сабақтар түрінде іске асырылуы мүмкін.

Оқыту жүйесіне қатысты интеграция ұғым ретінде екі мағынаға ие болуы мүмкін:

1) оқушылардың қоршаған орта туралы тұтас түсінігін қалыптастыру (интеграция оқытудың мақсаты ретінде);

2) пәндік байланыстарды жақындастыруға арналған жалпы платформаны табу (интеграция оқыту құралы ретінде).

Білім берудің жаңартылған мазмұнындағы интеграцияның бірінші және екінші мәндерінің іске асырылуы ортақ тақырыптар болып табылады.

М.Ж. Джадринаның айтуынша, ортақ тақырыптар білімді жеке оқу пәні аясында әртүрлі пәндік салалардан біріктіруге және сол арқылы оқушылардың алған білімдерінің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Нақты пәнді оқытудың мақсаттарын нақты өмірмен, қоршаған ортамен ықпалдастыру оқушылардың оқу қызметін осы пән бойынша және өтпелі тақырыптың белгілі бір аспектісі бойынша өздігінен «білім алуға» бағыттайды. Бұл ретте ортақ тақырыптар арқылы оқу пәндерінің мазмұнын және кең ауқымды дағдылар мен пәндік біліктерді дамыту мүмкіндігін кеңейтеді және сонымен қатар жеке тұлғаны тәрбиелеу міндеттерін шешеді: құндылық бағдарларын және мінез-құлық нормаларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Мысалы, «Бізді қоршаған әлем», «Дәстүр және фольклор», «Сәулет», «Өнер», «Ұлы тұлғалар», «Саяхат» тақырыптары «қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік» пен «ашықтық» құндылықтарын қалыптастыру үшін маңызды. «Өзім туралы», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «Менің отбасым және достарым», «Менің мектебім» ортақ тақырыптары «ынтымақтастық» және «құрмет» құндылықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді[6].

Мақсаттар жүйесі мен базалық мазмұнның мәнін ашатын екінші тәсіл мұғалімді әрбір оқу пәнінің мүмкіндіктерін іздеуге бағыттайды. Атап айтқанда, «Дүниетану» оқу пәнінің базалық мазмұны «құрмет», «қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік» пен «ашықтық» құндылықтарын жүзеге асыру үшін негіз болады. «Жаратылыстану» пәнінің базалық мазмұны «еңбек және шығармашылық» пен «өмір бойы білім беру» құндылықтарын жүзеге асыруға көмектеседі.

Осылайша, «Мәңгілік Ел» құндылықтары білім алушының мінез-құлқы мен күнделікті қызметін ынталандыратын тұрақты жеке бағдар болуға бағытталған. Бастауыш мектептегі сабақта контекстінде «Мәңгілік Ел» құндылықтарының тиімді жүзеге асуына кең ауқымдағы дағдылармен органикалық бірлікте тұлғалық қасиеттерін дамыту байланысты.

Әдебиеттер:

1. Соловьева Г. О хорошем человеке и хорошем специалисте // Самопознание Кз. – 2012. – №12 (36). – 103 с.

2. Орта білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру)

3. Мукажанова Р.А., Омарова Г.А. Роль учителя в программе нравственно-духовного образования «Самопознание». – Алматы: ННПООЦ «Бобек», 2016. –109 с.

4. Менделеев Д.И. Познание России. Заветные мысли [ЭР]. – Қолжетімділік коды:<https://public.wikireading.ru/42576>.

5. Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике/ Ш.А. Амонашвили. –М.: Издательский дом Шалвы Амонашвили, 1995. – 496 с.

6. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 49 б.